



ОРАҚ - 2026

ЖҰМЫС САПАРЫ

ҚАЗАҚСТАНДА ЕГІН ОРАҒЫ НАУҚАНЫ БАСТАЛДЫ

Қазіргі уақытта Алматы, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Қостанай, Қызылорда, Семейдің Қазақстан, Түркістан облыстарының, Жетісу облысы мен Шымкент қаласының ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілері егін орағы науқанына кірісті. Жөгері қарқынмен басталған науқанның алдын ала мәліметтеріне қарағанда, өткен жылдың сөйкес кезеңімен салыстырғанда егін алаңтарының өнімділігі едәуір артқаны байқалады, деп хабарлайды ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі.



Бүгінгі таңда 634 мың тонна дәнді дақыл бастырылды. Орташа өнімділік көрсеткішіне 20,6 центнерді құрап, өткен жылдың сөйкес кезеңіндегі көрсеткіштен (12,2 ц/га) 1,7 есе жоғары.

Негізгі ауыл шаруашылығы дақылдары бойынша да оң үрдіс сақталуда. Атап айтқанда, бидайдың жалпы түсімі 461,2 мың тоннаға жетіп, орташа өнімділігі гектарына 19,1 центнерді құрады. Өткен жылдың осы кезеңінде бұл көрсеткіш гектарына 13,7 центнер болған.

Арпа жинау науқаны да жоғары нәтижемен жүргізілуде. Қазіргі уақытта 157,8 мың тонна арпа жиналды. Орташа өнімділік гектарына 17,0 центнерді құрап, өткен жылдың сөйкес кезеңіндегі деңгейден (8,7 ц/га) екі есе артты.

Егін орағы науқанын уақтылы өрі сапалы өткізу үшін аграршылар қажетті ауыл шаруашылығы техникасымен толық қамтамасыз етілген. Бүгінде еліміздің ауыл шаруашылығы құрылымдарында 133,9 мың трактор, 5,6 мың жоғары өнімді егін кешені, 71,4 мың тұқым сепкіш және 188,5 мың топырақ өңдеу техникасы бар.

Сондай-ақ мемлекет тарапынан 401 мың тонна жеңілдетілген дизель отынын бөлу көзделген.

ҚҰРЫЛТАЙ

23 тамыз



ЖАҢАРУ ҮШІН ДАУЫС БЕР!

www.election.gov.kz


ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖҮЙЕСІН ОДАН ӨРІ ЖЕТІЛДІРУ – ОРТАҚ МІНДЕТ

Мағжан Жұмабаев ауданына жұмыс сапарымен Еуропалық Одақтың Қазақстан Республикасындағы Елшісі Аленка Симкич және Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының Қазақстандағы өкілі, доктор Скендер Сыла, облыс әкімінің орынбасары Қанат Дүзельбаев бастаған өкілетті делегация келді.

Делегация құрамында сонымен қатар Еуропалық Одақ Өкілдігінің, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің, Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің, денсаулық сақтау басқармасының, білім басқармасының және санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің өкілдері болды.

Алдымен өкілетті делегацияның қатысуымен аудан әкімдігінде ведомствоаралық комиссияның отырысы өтіп, онда денсаулық сақтау жүйесін дамыту, аурулардың алдын алу және халықты иммундау мәселелері қаралды.

Жұмыс сапары аясында қонақтар аудандық аурухананы, Қарақоға және Чистовское ауылдарындағы фельдшерлік-акушерлік пункттерді, сондай-ақ Чистовское ауылындағы «Березка» балалар сауықтыру лагерін аралап, онда жазғы маусымның салтанатты ашылуына қатысты.

Бұл жұмыс сапары денсаулық сақтау саласындағы тәжірибе алмасу және ынтымақтастықты одан өрі дамыту мен қоғамдық денсаулықты нығайтуды талқылау алаңына айналды.

Жұмыс сапары аясында Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мамандары медициналық ұйымдарына сараптамалық мониторинг жүргізуде. Халықаралық сарапшылар медициналық мекемелердің жұмыс үдерістерін зерделеп, тәжірибе алмасып, денсаулық сақтау жүйесін одан өрі жетілдіру бойынша ұсыныстар өзірлейді. Мұндай сараптамалық бағалау өңірдегі медициналық көмектің сапасын арттыруға, үздік халықаралық тәжірибелерді енгізуге және саланы дамытудың жаңа бағыттарын айқындауға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ делегация вакцинадан кейінгі жағымсыз реакциялар туындаған жағдайда көрсетілетін шұғыл медициналық көмектің алгоритмін қарап, халықарасында вакцинацияның маңыздылығын түсіндіру бағытында жүргізіліп жатқан ақпараттық түсіндіру жұмыстарына баға берді.

Мониторинг барысында иммундаудың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған үдерістердің ұйымдастырылуы, қолданыстағы стандарттардың сақталуы және ата-аналардың профилактикалық екпелер туралы ақпараттандырылу деңгейі зерделенді.

Еркін ТӨЛЕГЕН.
Суреттерді түсірген автор.



АДАЛ ҚЫЗМЕТ – ЕРТЕ МІНДЕТ

20 шілде күні аудан әкімдігінде аудан әкімінің, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасының, аумақтық және атқарушы органдар басшыларының қайысуымен салтанатты кеңес өтті.

Іс-шара барысында аудан әкімі Рахат Смағұлов атқарып отырған лауазымындағы қызметінің аяқталуына байланысты «Мағжан» шекара бөлімінің бастығы, майор Абай Дабылбекұлы Дабылбековке шынайы ризашылығын білдірді.

Қызмет атқарған жылдары Абай Дабылбекұлы өзін сауатты, қағидатшыл әрі жауапты басшы ретінде танытып, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік шекарасының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, ауданмен өзара іс-қимылды нығайтуға және сындарлы ынтымақтастықты дамытуға елеулі үлес

қосты.

Салтанатты жағдайда Абай Дабылбекұлына аудан әкімінің Алғыс хаты мен естелік сыйлығы табыс етілді. Сондай-ақ аудан активінің өкілдері ізгі тілектерін білдіріп, еңбегіне алғыстарын жеткізді.

Абай Дабылбекұлына алдағы оқуында толағай табыс, зор денсаулық, отбасына амандық, көсіби қызметінде жаңа жетістіктер мен Қазақстан Республикасының игілігі жолындағы еңбегіне толағай табыс тілейміз!

Мағжан Жұмабаев ауданы әкімінің баспасөз қызметі.

САЙЛАУ - 2026

ДАУЫС БЕРУ ҚҰҚЫҒЫН БЕРЕТІН ЕСЕПТЕН ШЫҒАРУ КУӘЛІГІ

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Қазақстан азаматтары тиісті сайлау учаскелерінің аумағындағы тұрғылықты жері бойынша дауыс береді.

Сайлаушы өзінің болатын жерін ауыстырған кезде дауыс беру күніне он бес күн қалғанда немесе 2026 жылғы 7 тамыздан бастап учаскелік сайлау комиссиясына өз өтініші бойынша және жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәлігін ала алады.

Есептен шығару куәліктерін беру дауыс беру күнінен бір күн бұрын, яғни 2026 жылғы 22 тамызда жергілікті уақыт бойынша сағат он сегізге тоқтатылады.

Есептен шығару куәлігін сенімхат бойынша алуға рұқсат етіледі. Сенімхатты нотариатта куәландыру талап етілмейді.

Есептен шығару куәлігі жоғалған жағдайда ол қалпына келтірілмейді және оның телнұсқасы берілмейді.

Дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәлігі бір елді мекеннің шегіндегі басқа сайлау учаскесінде дауыс беруге қатысқысы келетін сайлаушыларға берілмейді.

Уақытша болатын жері бойынша сайлау учаскесінде дауыс беру кезінде учаскелік сайлау комиссиясы сайлау күні сайлаушыны жеке басын куәландыратын құжаттың негізінде сайлаушылар тізіміне енгізіп, есептен шығару куәлігінің орнына дауыс беруге арналған бюллетень береді.

Жаңару үшін дауыс бері!

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы.

ҚҰРЫЛТАЙ
23 тамыз

ЖАҢАРУ ҮШІН ДАУЫС БЕР!

www.election.gov.kz

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
САЙЛАУ УЧАСКЕЛЕРІНЕН
ТЫС ЖЕРДЕ ДАУЫС БЕРУ

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Денсаулық жағдайына, отбасының сырқат мүшесіне күтім жасау себебіне, сондай-ақ сайлау учаскелері құрылмаған шалғайдағы және қатынасу қиын аудандарда болуына байланысты дауыс беру күні сайлау учаскесіне келе алмайтын Қазақстан Республикасының азаматтары дауыс беруге арналған үй-жайдан тыс жерде дауыс беруге құқылы.

Ол үшін сайлаушы дауыс беру күні (2026 жылғы 23 тамыз) жергілікті уақытпен сағат 12:00-ден кешкірмей, өзінің тіркелген аумағындағы учаскелік сайлау комиссиясына барып, болатын жері бойынша дауыс беруді ұйымдастыру туралы жазбаша өтініш беруі қажет.

Дауыс беру күні учаскелік сай-

лау комиссиясының мүшесі берілген өтініш негізінде және жеке басын куәландыратын құжатты ұсынғаннан кейін сайлаушыға дауыс беруге арналған бюллетень береді. Дауыс беруге арналған бюллетенді алу фактісі өтініште сайлаушының қолымен куәландырылады.

Учаскелік сайлау комиссиясының бюллетенді берген мүшесі оған өзінің қолын қояды, сондай-ақ сайлаушының өтінішіне қол қояды. Дауыс беруді өткізу кезінде сайлаушының ерік білдіру құпиясының міндетті сақталуы қамтамасыз етіледі.

Жаңару үшін дауыс бері!

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы.

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ
БОЙЫНША КАНДИДАТТАРДЫҢ
САЙЛАУШЫЛАРМЕН КЕЗДЕСУІ
ҮШІН ОРЫНДАРДЫҢ ТІЗБЕСІ

№	Аудан/қала	Нысан және оның орналасқан жері	Сыйымдылығы	Меншік иесі/жалға алушы	Жалдау сомасы
1.	Мағжан Жұмабаев	Ауылдық кітапхана, Полтавка ауылы	50	меншік иесі	шарт бойынша
2.	Мағжан Жұмабаев	Ауылдық кітапхана, Бастомар ауылы	50	меншік иесі	шарт бойынша
3.	Мағжан Жұмабаев	Орта мектеп, Возвышенка ауылы	50	меншік иесі	шарт бойынша
4.	Мағжан Жұмабаев	Орта мектеп, Қарақоға ауылы	50	меншік иесі	шарт бойынша
5.	Мағжан Жұмабаев	Бос уақыт өткізу орталығы, Конюхов ауылы	30	меншік иесі	шарт бойынша
6.	Мағжан Жұмабаев	Негізгі мектеп, Лебяжье ауылы	50	меншік иесі	шарт бойынша
7.	Мағжан Жұмабаев	Медициналық пункт, Жастар ауылы	30	меншік иесі	шарт бойынша
8.	Мағжан Жұмабаев	Ауылдық кітапхана, Молодогвардейское ауылы	50	меншік иесі	шарт бойынша
9.	Мағжан Жұмабаев	Орта мектеп, Надежда ауылы	50	меншік иесі	шарт бойынша
10.	Мағжан Жұмабаев	Бос уақыт өткізу орталығы, Октябрьское ауылы	50	меншік иесі	шарт бойынша
11.	Мағжан Жұмабаев	Орта мектеп, Полудино ауылы	30	меншік иесі	шарт бойынша
12.	Мағжан Жұмабаев	Орта мектеп, Советское ауылы	50	меншік иесі	шарт бойынша
13.	Мағжан Жұмабаев	Мәдениет үйі, Таманское ауылы	50	меншік иесі	шарт бойынша
14.	Мағжан Жұмабаев	Орта мектеп, Ұзынкөл ауылы	30	меншік иесі	шарт бойынша
15.	Мағжан Жұмабаев	Орта мектеп, Успенка ауылы	50	меншік иесі	шарт бойынша
16.	Мағжан Жұмабаев	Мәдениет үйі, Бөйтерек ауылы	100	меншік иесі	шарт бойынша
17.	Мағжан Жұмабаев	Ауылдық кітапхана, Чистовское ауылы	50	меншік иесі	шарт бойынша
18.	Мағжан Жұмабаев	Мәдениет үйі, Булаев қаласы	100	меншік иесі	шарт бойынша

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТАН ҚОРҒАУ:

АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӨНІНДЕГІ ҮКІЛ ИНСТИТУТЫ

Кәуіпсіздікті қамтамасыз ету – мемлекет пен қоғамның өзара жауапкершілік саласы. Назар аударылатын басты мәселе – Қазақстандағы құқықтарды қорғау және қатан қорғау тетіктері. Кәуіпсіздік құқықтық, сауаттылық пен бейжай қарамаудан басталады.

КАУІПСІЗДІКТІ БІРГЕ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕМІЗ

МЕМЛЕКЕТТІК САПАТТЫЛЫҚ

КҰҚЫҚТЫҚ САУАТТЫЛЫҚ

БЕЙЖАЙ ҚАРАМАУ

1 ШҮГҒЫЛ ЖАҒДАЙДА ХАБАРЛАСҢЫЗ

102

ДЕРЕУ ПОЛИЦИЯ ПУЛТІНЕ

2 ДАГДАРЫС ОРТАЛЫҚТАРЫНА ХАБАРЛАСҢЫЗ

АНОНИМДІЛІК, ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ КӨМЕК

3 КҮГЕРЛЕР: ҮНСІЗ ҚАЛМАҢЫЗ, ЗОРЛЫҚ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАҢЫЗ

БЕЛСЕНДІ АЗАМАТТЫҚ ПОЗИЦИЯ САЛДАРЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛАДЫ ЖӘНЕ ӨМІРДІ САҚТАЙДЫ

КАУІПСІЗ ОРТА ӘРБІР АДАМНАН БАСТАЛАДЫ!

#ҚоғамдықКәуіпсіздік #АдамҚұқықтары #ЗорлыққаҚарсы

ЕКІ НОМИНАЦИЯДА ЖЕҢІМПАЗ АТАНДЫ

Отбасы құндылықтарын дәріптеп, өнегелі әулеттерді ұлықтауға бағытталған «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауының облыстық кезеңі қорытындыланды. Биыл облыстық кезеңге 27 отбасы өткен болатын. Байқау қорытындысы бойынша үздіктер анықталып, жеңімпаздар мен жүлдегерлер марапатталды.

— Президент жариялаған «Таза Қазақстан» және «Заң мен тәртіп» қағидаттары отбасынан бастау алады. Отбасында заңға құрмет, Отанға деген сүйіспеншілік және табиғатқа жанашырлық сияқты құндылықтар қалыптасады. Биыл аудандық және қалалық кезеңдерге 66 әулет қатысып, олардың 40 пайыздан астамын көпбалалы отбасылар құрады, — деді облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Асқар Хабибуллин.

Петропавл қаласында өткен байқауда ауданымыздың намысын Надежда ауылынан Елубаевтар отбасы мен Булаев қаласынан Сәлімовтар отбасы абыроймен қорғады. Қос әулет көпшілікке өздерінің берік отбасылық құндылықтарын, сыйластық пен татулыққа негізделген өмір салтын, еңбекқорлығы мен қоғамдық белсенділігін таныстырып, нағыз өнегелі отбасының жарқын үлгісін көрсетті.

Байқау қорытындысы бойынша Елубаевтар жанұясы отбасылық тәрбиенің жоғары үлгісі, тәлімгерлік және білімге қосқан үлесі үшін «Тағылымды отбасы» номинациясында жеңімпаз атанса, Сәлімовтар әулеті «Шаңырақ шуағы» — отбасылық бақыттың үлгісі аталымымен марапатталды.

Екі жанұя да өздерінің өмірлік ұстанымы мен өнегелі жолы арқылы ұлттық салт-дәстүрді қастерлеу, ұрпақтар сабақтастығын сақтау, адал еңбек ету және отбасы құндылықтарын дәріптеу сияқты қоғамымыздың маңызды қағидаларын айшықтай білді. Мұндай отбасылар — ел бірлігінің, ұлт тәрбиесінің және болашақ ұрпаққа берілер рухани мұраның берік негізі.

Сәуле НҰРҚАЙДАРОВА,
Мағжан Жұмабаев ауданы ішкі саясат бөлімінің
басшысы.



МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

«МҮГЕДЕКТІГІ БАР АДАМДАРДЫ ТЕХНИКАЛЫҚ КӨМЕКШІ (ОРНЫН ТОЛТЫРУШЫ) ҚҰРАЛДАРМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ ҚҰЖАТТАРДЫ РӘСІМДЕУ»

(МІНДЕТТІ ГИГИЕНАЛЫҚ, СУРДОЛОГИЯЛЫҚ, ТИФЛОТЕХНИКАЛЫҚ ОҢАЛТУ ҚҰРАЛДАРЫ)

Мемлекеттік қызметті көрсетуге өтінішті қабылдау және оның нәтижесін беру:

1) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (Халыққа қызмет көрсету орталығы);

2) көрсетілетін қызметті беруші («Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі);

3) «электрондық үкімет» веб-порталы;
4) ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:

«Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясының бөліміне, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне жүгінген кезде — құжаттар топтамасы тіркелген күннен бастап бес жұмыс күні;

Проактивті қызмет көрсетілген кезде — келісім түскен күннен бастап бес жұмыс күні;

«Электрондық үкімет» веб-порталы арқылы жүгінген кезде — бес жұмыс күні.

Құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің ең ұзақ рұқсат етілген уақыты: Мемлекеттік корпорация бөлімінде — 15 минут, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінде — 30 минут.

Өтініш берушіге қызмет көрсетудің ең ұзақ рұқсат етілген уақыты: Мемлекеттік корпорацияда — 15 минут, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінде — 30 минут.

Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: қағаз түрінде, проактивті, электрондық (шінара автоматтандырылған).

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі: мүгедектігі бар адамдарға техникалық көмекші құралдарды ұсынуға құжаттарды рәсімдеу туралы хабарлама не мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тарту болып табылады. Мемлекеттік корпорация өтініш берушінің абоненттік құрылғысына SMS-хабарлама жіберу арқылы қабылданған шешім туралы ақпараттандырады. Веб-портал арқылы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі өтініш берушінің «жеке кабинетіне» уәкілетті тұлғаның электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі — ЭЦҚ) қол қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Мемлекеттік қызметті көрсету

Мемлекеттік қызметті көрсету Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 287 «Мүгедектігі бар адамның абилитациялау мен оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мүгедектігі бар адамдарды протездік-ортопедиялық көмекпен, техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдармен, арнаулы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз ету, оларды ауыстыру мерзімдерін қоса алғанда, қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.



үшін көрсетілетін қызметті алушы-дан талап етілген құжаттар мен мәліметтердің тізбесі

Мемлекеттік корпорацияда және жұмыспен қамту бөлімінде:

1) Мүгедектігі бар адамды абилитациялау мен оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мүгедектігі бар адамдарды техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдармен қамтамасыз ету, оларды ауыстыру мерзімдерін қоса алғанда, қағидаларына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша техникалық көмекші (орнын толтырушы) құралдарды ұсынуға өтініш.

2) жеке басын куәландыратын құжат немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);

3) мүгедектікті белгілеу туралы;

4) абилитациялау мен оңалтудың жеке бағдарламасында әзірленген іс-шаралар туралы;

Еңбекте мертігуден немесе кәсіптік

аурудан мүгедектігі бар адамдардың өтініш беруі кезінде қосымша мынадай мәліметтер сұратылады:

1) мүгедектікке әкел соқтырған өндірістігі қайғылы жағдай туралы;

2) кінәсінен еңбекте мертігу немесе кәсіптік ауру алынған жұмыс беруші — жеке кәсіпкердің қызметін тоқтатуы немесе заңды тұлғаның таратылуы туралы.

Жұмыс беруші — жеке кәсіпкердің қызметі тоқтатылған немесе заңды тұлға таратылған, сондай-ақ оны банкрот деп тану туралы сот шешімі заңды күшіне енген кезде, мүгедектігі бар адамда жұмыс берушінің кінәсінен алған ауруы болған жағдайда, техникалық көмекші құралдар мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсынылады.

Тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған жеке басын куәландыратын, тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркелуді, мүгедектікті,

АОЖБ-ның әзірленген іс-шараларын, мүгедектікке әкел соқтырған өндірістігі қайғылы жағдайды, кінәсінен еңбекте мертігу немесе кәсіптік ауру алынған жұмыс беруші — жеке кәсіпкердің қызметін тоқтатуы немесе заңды тұлғаның таратылуын растайтын құжаттар туралы мәліметтерді қалалық басқармалар, жұмыспен қамту бөлімдері, Мемлекеттік корпорация бөлімшелері уәкілетті лауазымды тұлғалардың ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжаттар нысанында алады. ҰОС қатысушылары, ҰОС мүгедектігі бар адамдар және ҰОС мүгедектігі бар адамдарына теңестірілген адамдар өтінішке ҰОС қатысушысының, ҰОС мүгедектігі бар адамының немесе ҰОС мүгедектігі бар адамына теңестірілген адамның куәлігін қоса береді.

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер:

1) өтініш берушінің мемлекеттік қызметті алу үшін ұсынған құжаттарының және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) шынайы еместігін белгілеу;

2) өтініш берушінің және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі.

Өтініштерді қабылдау:

1) Мемлекеттік корпорация (ХҚКО) дүйсенбіден жұмаға дейін, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жексенбі және мереке күндерінен басқа, түскі үзіліссіз сағат 9.00-ден 18.00-ге дейінгі жұмыс кестесіне сәйкес;

2) көрсетілетін қызметті берушімен — сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, сағат 13.00-ден бастап түскі үзіліспен.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету тәртібі мен қажетті құжаттар туралы толық ақпарат жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің интернет-ресурсында, уәкілетті органның стендтерінде, ресми ақпарат көздерінде орналастырылады.

Қызмет көрсету тәртібі туралы ақпаратты 8(715)31-2-81-44 телефоны арқылы алуға болады.

Елена ДИКУСАРОВА,
Мағжан Жұмабаев ауданы
жұмыспен қамту және әлеуметтік
бағдарламалар бөлімінің
бас маманы.

ҚАРАҚОҒА АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ - «АҚ БИДАЙ - 2026»



Мағжан Жұмабаев ауданында спорт сүйер қауымды, белсенді тұрғындар мен аудан қонақтарын біріктіретін дәстүрлі «Ақ бидай - 2026» аудандық спорт ойындары өз мәресіне жетті.

Айтулы жарыс арнайы қойылыммен басталып, «Ақ бидай - 2026» аудандық жазғы спорт мерекесінің туын көтеру құрметі - аудан спортының өркендеуіне зор үлес қосқан спорт ардагері Александр Иванович Паленыйға берілді. Ал аудандық спорт ойындарының алауын жағу құрметі - Халықаралық дәрежедегі спорт шебері, бір спортынан ҚР чемпионы және бірнеше дүркін жүлдегері Станислав Юрьевич Гаманкоға берілді.

Содан кейін стадионға жиналған спортшылар мен халық Қазақстан Республикасының Әнұранын орындап, жүргізушілер «Ақ бидай - 2026» аудандық жазғы спартакиадасын ашық деп жариялады.

Стадионға лық толған мағжандықтарды аудан әкімі Рахат Смағұлов құттықтап, спортшыларға сәттілік тіледі.

- Құрметті спартакиадаға қатысушылар мен қонақтар! Жерлестер! Баршаңызды салауатты өмір салтын дәріптейтін, ауданымыздың спорт саласындағы жетістіктерін айқындайтын маңызды оқиға - «Ақ бидай - 2026» спорттық мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл - тек спортшылардың сайысы емес, бұл - бірліктің, ынтымақтың, жігер мен намыстың мерекесі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев спорт саласын дамытуға әрдайым ерекше көңіл бөліп келеді. Ел болашағы - дені сау ұрпақ екенін ескерсек, мұндай мерекелердің мәні зор.

Спорт - ұлт денсаулығының көпірі, тәрбие мен тәртіптің қайнар көзі. Бүгінгі мерекеде біз аудан спортының дамуына елеулі үлес қосқан ардагерлерімізге зор алғысымызды білдіреміз. Сіздердің еңбектеріңіз -

бүгінгі жас буын үшін үлгі-өнеге.

Сондықтан біздің ауданда бұл бағытта жүйелі жұмыстар жүргізудеміз. Бүгінгі күні тұрақты спортпен 11 500 адам қамтылды, бұл халықтың жалпы санының 44,5% құрайды. Дене шынықтыру мен спортты дамыту - біздің жұмысымыздың маңызды басымдығы.

Бүгінде ауданда жаңа дене шынықтыру-сауықтыру кешендері салынууда, стадиондар қайта жаңартылууда, спорт алаңдары ашылууда, осылайша әрбір тұрғын өз денсаулығын нығайтуға және жаттығуға мүмкіндік алады. 2 ауылдық округте дене шынықтыру-сауықтыру кешендерінің құрылысы жүріп жатыр. Ұзынкөл ауылдық округінде заманауи шағын футбол алаңы салынып, пайдалануға берілді. Сонымен қатар, ағымдағы жылы Қарағанды ауылы мен Бинаш ауылында тағы екі шағын футбол алаңын салу жоспарланған.

Құрметті спортшылар!

Сіздер өз ауылдық округтеріңіздің намысын қорғап тұрсыздар. Жарыс жолында таза бәсеке, жоғары шеберлік пен шынайы спорттық бауырластық көрсетіңіздер!

Әрқайсыңызға ең жоғары нәтиже көрсетіп, жанкүйерлердің сенімін ақтауды және осы спорт мерекесінен зор әсер алуды тілеймін!

«Ақ бидай - 2026» алаңы достықтың, әділ сайыстың және жарқын жеңістердің ордасы болсын! Ақ жол, спортшылар!

Сондай-ақ сахна теріне көтерілген спорт ардагері Василий Подмогильный спорт мерекесіне ауыл-ауылдан жиналған үздік спортшыларға әділ күрес, сайыстарда жеңіс тіледі.

Спорт мерекесінің ашылу салтанатында аудандық Мәдениет үйі



АУДАНДЫҚ СПОРТ ОЙЫНДАРЫ ЖЕҢІМПАЗЫ



өнерпаздары, арнайы шақырылған «Майами» тобы мен DJ Skorpusha қатысып, концерттік бағдарламаның сәнін аша түсті.

Кешке спорт мерекесіне арналған оташу - мағжандық спортшыларға деген нағыз құрметтің айқын көрінісіне айналды.

Бұл күндері Таманское ауылының орталық стадионында сауда орындары, аттракциондар, батуттар, картинг және аниматорлар ұйымдастырған ойын-сауық алаңдары жұмыс істеп, спорт мерекесі барлық жастағы тұрғындары үшін әсерлі өрі қызықты болды.

Айтпақшы, елді мекенді дамыту мен абаттандыру аясында стадионды қайта қалпына келтіру жұмыстарын жергілікті шаруашылық басшысы Николай Борисович Туницкий жүзеге асырған екен. «Таманское» ЖШС футбол, екі баскетбол, екі волейбол алаңдарын, воркаут аймағы мен балалар ойнау алаңын салуға 70 млн. теңге қаражатын жұмсаған көрінеді.

Екі күнге созылған жарыс барысында Булаев қаласы мен ауылдық округтер командалары спорттың 11 түрі бойынша бақ сынасып, жоғары дайындық деңгейін, ұйымшылдық пен жеңіске деген жігерлерін паш етті.

Спорт түрлері бойынша командалар төмендегідей нәтижелер көрсетті:

- Үстел теннисі**
1 орын - Булаев қаласы
2 орын - Қарақоға ауылдық округі
3 орын - Таман ауылдық округі

- Футбол**
1 орын - Булаев қаласы
2 орын - Лебяжье ауылдық округі
3 орын - Ноғайбай би ауылдық округі

- Волейбол (ерлер)**
1 орын - Лебяжье ауылдық округі
2 орын - Мағжан ауылдық округі
3 орын - Қарақоға ауылдық округі

- Волейбол (ейелдер)**
1 орын - Возвышен ауылдық округі
2 орын - Булаев қаласы
3 орын - Полудин ауылдық округі

Баскетбол (ерлер)

- 1 орын - Булаев қаласы
2 орын - Қарақоға ауылдық округі
3 орын - Алтын дән ауылдық округі

Баскетбол (ейелдер)

- 1 орын - Алтын дән ауылдық округі
2 орын - Қарақоға ауылдық округі
3 орын - Таман ауылдық округі

Дойбы

- 1 орын - Қарақоға ауылдық округі
2 орын - Алтын дән ауылдық округі
3 орын - Мағжан ауылдық округі

Шахмат

- 1 орын - Мағжан ауылдық округі
2 орын - Қарақоға ауылдық округі
3 орын - Ноғайбай би ауылдық округі

Бокс

- 1 орын - Булаев қаласы
2 орын - Қарақоға ауылдық округі
3 орын - Ноғайбай би ауылдық округі

Гир спорты

- 1 орын - Қарақоға ауылдық округі
2 орын - Чистов ауылдық округі
3 орын - Ұзынкөл ауылдық округі

Еркін күрес

- 1 орын - Қарақоға ауылдық округі
2 орын - Ноғайбай би ауылдық округі
3 орын - Булаев қаласы

Жеңіл атлетика

- 1 орын - Қарақоға ауылдық округі
2 орын - Таман ауылдық округі
3 орын - Бәйтерек ауылдық округі
Осылайша, жалпыкомандалық есептің қорытындысы бойынша 285 ұпаймен Қарақоға ауылдық округі жеңімпаз атанды. Булаев қаласы 262 ұпаймен II орынды иеленсе, 181 ұпаймен Ноғайбай би ауылдық округі III орыннан көрінді.

Жарыс жеңімпаздары мен жүлдегерлерін шын жүректен құттықтаймыз! Барлық қатысушыларға, ұйымдастырушыларға, жанкүйерлер мен қонақтарға үлкен спорт мерекесін жоғары деңгейде өткізуге қосқан үлестері үшін алғысымызды білдіреміз.

Еркін ТӨЛЕГЕН.

Суреттерді түсірген автор.



2027 ЖЫЛДАН БАСТАП ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІНДЕ БІРҚАТАР ӨЗГЕРІС ЕНГІЗІЛЕДІ

Әлеуметтік саланы жаңғырту шеңберінде Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Ұлттық банкімен және Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорымен бірлесіп азаматтардың зейнетақы жинақтарын қорғаудың неғұрлым тиімді әрі ашық моделіне кезең-кезеңімен көшу жүзеге асырылып жатқанын хабарлайды.

Әлеуметтік кодексіне сәйкес мемлекет азаматтардың зейнетақы жинақтарының сақталуына кепілдік береді. Кодекстің 217-бабында БЖЗҚ-дағы міндетті зейнетақы жарналары мен міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының нақты енгізілген сомасының сақталуына мемлекеттік кепілдік заң жүзінде бекітілген. Осы норма өзгеріссіз сақталады.

2027 жылдан бастап зейнеткерлік жасқа жеткен салымшыларға инфляция деңгейіндегі айырманы біржолғы өтеуді көздейтін бюджеттік кіші бағдарлама оңталаңдандырылады. Бұл қадам зейнетақы жүйесін икемдірек, кәсіби әрі ұзақ мерзімді нақты инвестициялық табыстылыққа бағдарланған жүйеге айналдыруға бағытталған кешенді реформалардың жалғасы.

2026 жылғы қыркүйектен бастап (2026 жылғы 7 шілдеде қол қойылған заңға сәйкес) зейнетақы жинақтарын басқарудың жаңа тәртібі күшіне енеді. Негізгі өзгеріс — бұрын қолданыста болған шектеулердің толықтай алынып тасталуы. Егер осыған дейін салымшылар жеке инвестициялық портфельді басқарушыларға (ИПБ) зейнетақы активтерінің 50%-ынан аспайтын бөлігін ғана сенімгерлік басқаруға бере алса, енді бұл шектеу толығымен жойылады. Азаматтарға жинақтарының 100%-ына дейін жеке басқарушы компанияларға беру құқығы ұсынылады. Осылайша, қазақстандықтар өз қаражаттарын басқаруда толық таңдау еркіндігіне

2027 жылдан бастап зейнеткерлік жасқа жеткен салымшыларға инфляция деңгейіндегі айырманы біржолғы өтеуді көздейтін бюджеттік кіші бағдарлама оңталаңдандырылады.



ие болып, төуекелі төмен немесе жоғары табысты инвестициялық стратегияны өз қалауына таңдай алады, - делінген министрлік хабарламасында.

Мұндай жағдайда инфляциялық төуекелдерді мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен автоматты түрде өтеудің экономикалық негізі жойылады. Өйткені салық төлеушілердің қаражаты азаматтардың жеке инвестициялық шешімдерінің нәтижесін өтеуге жұмсалмауы тиіс. Сонымен қатар жеке инвестициялық портфельді басқарушылар қатаң қаржылық жауапкершілікке не және теріс инвестициялық нәтиже туындаған жағдайда айырманы өз капиталы есебінен өтеуге міндетті. Оларға меншікті капитал көлеміне (кемінде

1,9 млрд теңге немесе 440 мың АЕК) және қызмет тәжірибесіне қатысты жоғары талаптар қойылады.

-Консервативті инвестициялық тәсілді таңдаған салымшылар үшін негізгі басқарушы бұрынғыдай Ұлттық банк болып қала береді. Әлеуметтік кодексте Ұлттық банктің зейнетақы активтерінің сақталуын қамтамасыз етуге және ұзақ мерзімді нақты табыстылыққа қол жеткізуге ұмтылуға міндетті екені заңнамалық деңгейде бекітілген. 2028 жылға дейінгі Стратегиялық жоспар аясында Ұлттық банкке зейнетақы активтерінің табыстылығын инфляция деңгейінен кемінде +1 пайыздық тармаққа арттыру міндеті жүктелген. Бұл ретте активтерді инвестициялау жоғары деңгейдегі өртарапандыру

қағидаттарына сәйкес, сапалы шетелдік қаржы құралдарын пайдалану арқылы жүзеге асырылады. Сонымен қатар валюталық активтердің үлесі кемінде 30% деңгейінде сақталады, - делінген хабарламада.

Қазіргі уақытта Еңбек министрлігі қолданыстағы зейнетақы жүйесін трансформациялау мәселелері бойынша жұмыс тобын құрды. Оның аясында сақтандыру құрамдасын енгізу, «4+1» моделі, еңбек өтілін 40 жылға дейін есепке алу, сондай-ақ Сингапурдың зейнетақы жүйесінің моделі сияқты түрлі тәсілдер қарастырылды.

Зейнетақы жүйесін жаңғыртудың басты мақсаты - азаматтарды еңбек өтілін ескеретін және жоғалған табысты Халықаралық еңбек ұйымының стандарттарына сәйкес кемінде 40% деңгейінде алмастырулы қамтамасыз ететін БЖЗҚ-дан өмір бойғы үздіксіз төлемдермен қамту.

Осы мақсатта Үкімет зейнетақы жүйесінің әлеуметтік сақтандыру құрамдасын қалыптастыру бағытында жұмыс жүргізуде. Ол азаматтардың зейнетақы жинақтарының көлеміне төуекелсіз, бірақ олардың зейнетақы жүйесіне қатысу өтілін ескеретін, БЖЗҚ-дан өмір бойғы тұрақты төлемдерді қамтамасыз етуге бағытталған. Осыған байланысты мемлекеттік кепілдік шеңберінде төленетін біржолғы өтемдердің өзектілігі жойылады.

Мемлекет қабалдан отырған барлық шаралар әлеуметтік қолдаудың атаулылығын арттыруға, бюджет қаражатын тиімді пайдалануға және ең бастысы — қазақстандықтардың ұзақ мерзімді әл-ауқатын қамтамасыз ететін сенімді, ашық әрі табысты зейнетақы жүйесін қалыптастыруға бағытталған.

Айта кетелік жеткіліктілік шегі артақан соң зейнетақы жинағын сақтандыру компаниясына аудару екі есе өсті.

АУДАН ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖАНУАРЛАРЫНЫҢ СІБІР ЖАРАСЫН АЛДЫН АЛУ



Сібір жарасы — *Bacillus anthracis* спора түзуші бактериясы қоздыратын, жануарлар мен адамға ортақ, аса қауіпті инфекциялық ауру. Ауру өлім-жітімнің жоғары болуымен, тез таралу қабілетімен және қоздырғыштың сыртқы ортада ұзақ уақыт сақталуымен сипатталады. Ауруға ірі қара мал, жылқы және басқа да ауыл шаруашылығы жануарлары неғұрлым бейім келеді.

орын алады. Қоздырғыштың тасымалдануына қан сорғыш жәндіктер, ластанған құрал-саймандар, көлік құралдары және сыртқы ортаның басқа да нысандары себепті тигізуі мүмкін.

Аурудың негізгі белгілері дене температурасының кенеттен көтерілуі, күйзелісті күй, жемнен бас тарту, тыныс алудың қиындауы, ісінулер, табиғи тесіктерден қанды бөлінділердің шығуы және малдың кенеттен қырылуы.

Профилактиканың негізгі шарасы ветеринариялық-профилактикалық іс-шаралар жоспарына сәйкес жүргізілетін жануарларды уақтылы вакцинациялау.

Ол аурудың пайда болуы мен таралуының алдын алуға мүмкіндік береді.

Жануарлар иелері ветеринариялық-санитариялық талаптарды сақтауы, эпизоотиялық мәртебесі белгісіз аумақтарда мал жаюға жол бермеуі, жануарларды тек ветеринариялық ілеспе құжаттары болған жағдайда ғана сатып алуы және ауру белгілері пайда болғанда немесе мал кенеттен қырылғанда ветеринариялық қызметке уақтылы жүгінуі қажет.

Өлген жануарлардың өлекселерін өз бетінше союға (жаруға), олардың етін пайдалануға немесе ветеринариялық тек-

серу мен ветеринариялық-санитариялық сараптама жүргізбей мал шаруашылығы өнімдерін өткізуге қатаң тыйым салынады.

Ветеринариялық-санитариялық талаптарды сақтау, уақтылы вакцинациялау және жануарлар иелерінің жауапты көзқарасы — малдың денсаулығын сақтауға және шаруашылықтар мен ауданның эпизоотиялық салауаттылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін сібір жарасы профилактикасының негізі болып табылады.

Тамара МИСЕВА, ветеринариялық фельдшер.

МАМАН КЕҢЕСІ

СЕНТОРИОЗ

Септориоз — қоздырғышы мәдени және жабайы өсетін дәнді дақылдардың қырықтан астам түрін зақымдайды, оның ішінде бидай, арпа, қара бидай және сұлы бар. Жазғы кезеңде инфекция пикноспоралар арқылы ауа-тамшы жолымен таралады. Қысқы кезеңде өсімдік қалдықтарында перитецийлер мен пикнидийлер түрінде сақталады.

Ауру қоздырғышының белгілері мен тіршілік циклі

Өсімдіктердің жер үсті барлық мүшелері (жапырақтар, жапырақ қынаптары, сабақтар, масақ өзегі, масақша қабыршақтары, дән) зақымдалады. Жапырақтар мен сабақтарда өскін шығу — түптену кезеңінен бастап хлоротикалық жиекті немесе жиексіз ашық сарғыш, ашық қоңыр түсті дақтар пайда болады. Дақтардың ортасында немесе бүкіл бетінде ауру қоздырғышының спора түзетін қара түсті ұсақ пикнидийлері түзіледі.

Сабақтарда ауру пісу кезеңінде жиексіз, қоңырқай түсті, анық емес дақтар түрінде байқалады. Сабақтар жиі майысып қалады. Масақ қабыршақтарындағы дақтар қою қоңыр немесе қою күлгін түсті болады, кейіннен ағарып, қара нүктелер түріндегі көптеген пикнидийлермен жабылады. Ауру масақша қабыршақтарынан дәнге өтеді.

Инфекция көзі

Септориоз инфекциясының негізгі көздері — тұқымдар, сондай-ақ астық тұқымдас өсімдіктердің егін жинаудан кейінгі қалдықтары. Алайда олардың маңызы өртүрлі топырақ-климаттық аймақтарда



бірдей емес.

Аурудың дамуына ықпал ететін факторлар:

- Күшті шық түсуі, дақылдардың жатып қалуы.
- 20–25°C температурамен қатар жиі жауын-шашын болуы.
- Азотты тыңайтқыштардың жоғары мөлшерде қолданылуы.
- Гербицидтер мен өсу реттегіштерін қолдану нормаларын сақтамау.

Күресу шаралары:

- Ауыспалы егісті сақтау.
- Себу мерзімдері мен әдістерін дұрыс таңдау.
- Микроэлементтерді (бор, кобальт, молибден, мыс, марганец) қолдану.
- Септориозға төзімді бидай сорттарын пайдалану.
- Бидай егістігін фунгицидтермен өңдеу.


Бидайды септориоздан қорғау тәсілдері

Бидай септориозымен күресудің негізгі әдісі — вегетация кезеңінде егістікті фунгицидтермен өңдеу. Бидайға арналған фунгицидтердің құрамында бір немесе бірнеше әсер етуші зат болуы мүмкін. Препарат құрамындағы бірнеше әсер етуші заттың үйлесуі ауруларға қарсы тиімділікті арттырады және септориоз қоздырғышының фунгицидке төзімділігінің (резистенттіліктің) пайда болу мүмкіндігін төмендетеді.

Фунгицидтерді инфекцияның алғашқы белгілері пайда болғанға дейін профилактикалық мақсатта қолдану ұсынылады. Бұл бидайдың өнімділік әлеуетін сақтауға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасы аумағында қолдануға рұқсат етілген «Пестицидтер мен агрохимикаттардың тізіміне» енгізілген инсектицидтерді белгіленген ұсынымдарға сәйкес қолдану қажет.

Дона ТАФАНОВА, ҚР АШМ АӨК МИК «Республикалық фитосанитарлық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығы» РММ Мағжан Жұмабаев аудандық филиалының фитопатологы.



Дүйсенбі, 27 шілде	Сейсенбі, 28 шілде	Сәрсенбі, 29 шілде	Бейсенбі, 30 шілде	Жұма, 31 шілде	Сенбі, 1 тамыз	Жексенбі, 2 тамыз
QAZAQSTAN 05.30 ӘНУРАН. 05.35 «КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ». 06.05, 03.10 Т/Х «СҮЙЕ БІЛСЕҢ...». 07.00 «ТАՏՆՈՒԼՊԱՆ». 08.00 М/Ф «САҚШЫ АРЫСТАН». 09.00 Т/Х «МЫҢ ҮӘДЕ». 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ. 10.10, 18.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ». 12.10, 02.25 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.10 Т/Х «ЫСТЫҚ ҰЯ». 14.15 «АҚОРДА». 14.30, 03.50 Д/Ф. 15.05 ТӨЛЕГЕН МУХАМЕДЖАНОВ- ТЫҢ ШЫҒАРМА- ШЫЛЫҚ КЕШІ. 15.55, 21.25 Т/Х «БІР ҮЙДІҢ БАЛАЛАРЫ». 17.20, 00.40 «ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ». 20.30 Т/Х «ӘУЛЕТ КҮПИЯСЫ». 22.20, 01.30 АШЫҚ АЛАҢ. 23.10 «1001 ТҮН».	05.30 ӘНУРАН. 05.35, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ. 06.05, 03.10 Т/Х «СҮЙЕ БІЛСЕҢ...». 07.00 «ТАՏՆՈՒԼՊԱՆ». 08.00 М/Ф. 09.00 Т/Х «ЖОҒАЛҒАН ЖЫЛДАР». 10.10, 18.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ». 12.10, 02.25 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.10 Т/Х «ЫСТЫҚ ҰЯ». 14.15 «ТАҒА АЛДЫНДА». 14.30 Д/Ф. 15.00 ӨНДЕР МЕН ЖЫЛДАР. 15.40 Т/Х «БІР ҮЙДІҢ БАЛАЛАРЫ». 16.45 «БОЛАШАҚ ОЙЫНДАРЫ – 2026». 19.25 «ҰЛТТЫҚ ТЕЛЕДЕБАТ – 2026». 22.00, 02.05 АШЫҚ АЛАҢ. 22.55 Т/Х «СЕН ҚАСЫМДА БОЛМАСАҢ...». 23.45 1001 ТҮН. 01.15 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ».	05.30 ӘНУРАН. 05.35, 10.00, 13.00, 00.45 АҚПАРАТ. 06.05, 03.45 Т/Х «СҮЙЕ БІЛСЕҢ...». 07.00 «ТАՏՆՈՒԼՊԱՆ». 08.00 М/Ф. 09.00 Т/Х «ЖОҒАЛҒАН ЖЫЛДАР». 10.10, 18.10 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ». 12.10, 03.00 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.10 Т/Х «ЫСТЫҚ ҰЯ». 14.15 «ТАҒА АЛДЫНДА». 14.30 Д/Ф. 15.00 ӨНДЕР МЕН ЖЫЛДАР. 15.40 Т/Х «БІР ҮЙДІҢ БАЛАЛАРЫ». 16.45 «БОЛАШАҚ ОЙЫНДАРЫ – 2026». 19.25 «ҰЛТТЫҚ ТЕЛЕДЕБАТ – 2026». 22.00, 02.05 АШЫҚ АЛАҢ. 22.55 Т/Х «СЕН ҚАСЫМДА БОЛМАСАҢ...». 23.45 1001 ТҮН. 01.15 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ».	05.30 ӘНУРАН. 05.35, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ. 06.05, 03.20 Т/Х «СҮЙЕ БІЛСЕҢ...». 07.00 «ТАՏՆՈՒԼՊԱՆ». 08.00 М/Ф. 09.00 Т/Х «ЖОҒАЛҒАН ЖЫЛДАР». 10.10, 18.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ». 12.10, 02.35 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.10 Т/Х «ЫСТЫҚ ҰЯ». 14.15 «ТАҒА САНА». 14.50 «ІЗГІЛІК ФОРМУЛАСЫ». 15.05 «ӨНДЕР МЕН ЖЫЛДАР». 15.55, 21.25 Т/Х «СЕН ҚАСЫМДА БОЛМАСАҢ...». 17.20, 00.35 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ». 20.30 Т/Х «ӘУЛЕТ КҮПИЯСЫ». 22.20, 01.40 АШЫҚ АЛАҢ. 23.10 1001 ТҮН.	05.30 ӘНУРАН. 05.35, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ. 06.05, 03.10 Т/Х «СҮЙЕ БІЛСЕҢ...». 07.00 «ТАՏՆՈՒԼՊԱՆ». 08.00 М/Ф. 09.00 Т/Х «ЖОҒАЛҒАН ЖЫЛДАР». 10.10, 18.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ». 12.10, 02.25 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.10 Т/Х «ЫСТЫҚ ҰЯ». 14.15, 04.00 «МЕЙІРІМ МЕКТЕБІ». 14.30 Д/Ф. 15.05 «ӨНДЕР МЕН ЖЫЛДАР». 15.55, 21.25 Т/Х «СЕН ҚАСЫМДА БОЛМАСАҢ...». 17.20, 00.40 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ». 20.30 Т/Х «ӘУЛЕТ КҮПИЯСЫ». 22.20, 01.30 АШЫҚ АЛАҢ. 23.10 1001 ТҮН.	05.30 ӘНУРАН. 05.35, 20.00, 02.35 АҚПАРАТ. 06.05, 02.50 Т/Х «СҮЙЕ БІЛСЕҢ...». 07.30 Д/Ф. 08.00 М/Ф. 09.00 Т/Х «ЖОҒАЛҒАН ЖЫЛДАР». 10.00, 18.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ». 12.00 «PRIME ERA». 12.25 КОНЦЕРТ. 14.50 М/Ф «РИО». 16.20 «ТАҚИЯЛЫ ПЕРШТЕ», Х/Ф. 20.15 «МАҢҒЫСТАУҒА САЯХАТ». 20.30 Т/Х «ӘУЛЕТ КҮПИЯСЫ». 21.25 ҚАЙЫРЛЫ КЕШ! 23.05 «ГРАФ МОНТЕ-КРИСТО», Х/Ф. 04.20 «МЕЙІРІМ МЕКТЕБІ».	05.30 ӘНУРАН. 05.35 АҚПАРАТ. 05.50 «МАҢҒЫСТАУҒА САЯХАТ». 06.05 «ҚАЙЫРЛЫ КЕШ». 06.05, 02.00 Т/Х «СҮЙЕ БІЛ СЕҢ...». 07.30 М/Ф «РИО». 09.00 Т/Х «ЖОҒАЛҒАН ЖЫЛДАР». 10.00, 18.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ». 12.00 «PRIME ERA». 12.25 КОНЦЕРТ. 14.50 М/Ф «РИО». 16.20 «ТАҚИЯЛЫ ПЕРШТЕ», Х/Ф. 17.40, 01.40 АҚОРДА. 20.00 «ТЕМІРҚОШШЫ». 20.30 Т/Х «ӘУЛЕТ КҮПИЯСЫ». 21.25 «ТАҚИЯЛЫ ПЕРШТЕ», Х/Ф. 23.15 «РОЗА РЫМБАЕВА - 50 ЖЫЛ САХНАДА». 03.25 ИЖУ-МАРЖАН.

Дүйсенбі, 27 шілде	Сейсенбі, 28 шілде	Сәрсенбі, 29 шілде	Бейсенбі, 30 шілде	Жұма, 31 шілде	Сенбі, 1 тамыз	Жексенбі, 2 тамыз
ХАБАР 05.00 ӘКЕ БАҚЫТЫ. 05.50 МАҢДАЙ ТЕР. 07.00 ОЯН. 09.00 COVER SHOW. 10.00 Т/Х «АЛПЫСТАН АСЫП БАРАМЫН». 13.00 ОЙНАУ. 14.00 М/Ф. 15.00 ХАЛЫҚ ТАҢДАУЫ. 15.30 Т/С «РАЙСКОЕ МЕСТО». 19.00 НОВОСТИ. 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 «ТОҚТАР ӘУБЕКІРОВТИҢ 79-ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН Д/Ф». 20.20 Т/Х «ТРАКТОРШЫ- НЫҢ МАХАББАТЫ». 21.00 Т/Х «АР АЛДЫНДА». 23.00 НҰРЖАН КЕРМЕНБАЕВТИҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ КЕШІ. 01.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 ӘКЕ БАҚЫТЫ. 05.50 МАҢДАЙ ТЕР. 07.00 ОЯН. 09.00 COVER SHOW. 10.00 Т/Х «БӨСЕКЕ». 13.00 ОЙНАУ. 14.00 М/Ф. 15.00 ХАЛЫҚ ТАҢДАУЫ. 15.30 Т/С «РАЙСКОЕ МЕСТО». 19.00 НОВОСТИ. 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 Т/Х «ТРАКТОРШЫНЫҢ МАХАББАТЫ». 21.00 Т/Х «АР АЛДЫНДА». 23.00 АЙГҮЛ ИМАНБАЕВАНЫҢ КЕШІ. 01.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 ӘКЕ БАҚЫТЫ. 05.50 МАҢДАЙ ТЕР. 07.00 ОЯН. 09.00 COVER SHOW. 10.00 Т/Х «БӨСЕКЕ». 13.00 ОЙНАУ. 14.00 М/Ф. 15.00 ХАЛЫҚ ТАҢДАУЫ. 15.30 Т/С «РАЙСКОЕ МЕСТО». 17.30 «БОЛАШАҚ ОЙЫНДАРЫ – 2026». 19.00 НОВОСТИ. 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 «ӘЛПЕК ДИШШЕВТИҢ 75-ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН», Д/Ф. 20.20 Т/Х «ҚАРЛЫҒАШ ҰЯ САЛҒАНДА». 21.00 Т/Х «АР АЛДЫНДА». 23.00 ФАРИДА ЖОЛДАСОВАНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ КЕШІ. 01.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 ӘКЕ БАҚЫТЫ. 05.50 МАҢДАЙ ТЕР. 07.00 ОЯН. 09.00 COVER SHOW. 10.00 Т/Х «БӨСЕКЕ». 13.00 ОЙНАУ. 14.00 М/Ф. 15.00 ХАЛЫҚ ТАҢДАУЫ. 15.30 Т/С «РАЙСКОЕ МЕСТО». 19.00 НОВОСТИ. 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 Т/Х «ҚАРЛЫҒАШ ҰЯ САЛҒАНДА». 21.00 Т/Х «АР АЛДЫНДА». 23.00 МИРАС ПЕН ҚҰРАЛҒАН. 01.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 ӘКЕ БАҚЫТЫ. 05.50 МАҢДАЙ ТЕР. 07.00 ОЯН. 09.00 COVER SHOW. 10.00 Т/Х «БӨСЕКЕ». 13.00 ОЙНАУ. 14.00 М/Ф. 15.30 Т/С «РАЙСКОЕ МЕСТО». 19.00 НОВОСТИ. 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 Т/Х «ҚАРЛЫҒАШ ҰЯ САЛҒАНДА». 21.00 Т/Х «АР АЛДЫНДА». 22.00 ҚОҒАМ ШІКІРІ. 23.00 ҰЛЫҚПАҢ ЖОЛДАСОВТЫҢ ӘН КЕШІ . 00.30 ПОДКАСТ «КОНТЕКСТ». 01.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 ӘКЕ БАҚЫТЫ. 05.45 МАҢДАЙ ТЕР. 06.50 ҰЛЫҚПАҢ ЖОЛДАСОВТЫҢ ӘН КЕШІ 08.50 COVER SHOW. 10.00 М/Ф. 11.25 М/Ф «БАРБОСКИНЫ». 12.25 «ЧУЖАЯ СВАДЬБА», Х/Ф. 14.00 ХХІ ҒАСЫР КОШБАСШЫСЫ. 15.15 ҚЫЗЫҚ TIMES. 16.30 Т/Х «БӨСЕКЕ». 21.00 7 КҮН. 21.30 ЖҰМЫР ЖЕР. 21.50 «СТЕЛС», Х/Ф. 00.00 CREATIVE QAZAQSTAN. 00.30 ПОДКАСТ. AZAMAT LIVE. 01.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 ӘКЕ БАҚЫТЫ. 05.45 МАҢДАЙ ТЕР. 06.50 АКБОТА КЕРІМБЕКОВАННЫҢ ӘН КЕШІ 08.30, 23.30 COVER SHOW. 09.40 АЗАМАТ. 10.45 «СТЕЛС», Х/Ф. 12.45 М/Ф. 14.05 М/Ф «КНИГА ДЖУНГЛЕЙ И СЛОУЭНОК БИМБО». 15.30 Т/Х «БӨСЕКЕ». 19.45 ҚЫЗЫҚ TIMES. 21.00 7 КҮН. 21.30 ГЛОБАЛЫНЫЕ СОБИТИЯ. 21.50 «ЧУЖАЯ СВАДЬБА», Х/Ф. 00.00 ПОДКАСТ. AZAMAT LIVE. 01.00 КР ӘНУРАНЫ.

Дүйсенбі, 27 шілде	Сейсенбі, 28 шілде	Сәрсенбі, 29 шілде	Бейсенбі, 30 шілде	Жұма, 31 шілде	Сенбі, 1 тамыз	Жексенбі, 2 тамыз
ЕВРАЗИЯ 06.00, 19.00 KÖREMİZ- ШОУ. 07.05 ҚАЙМАҚ. 07.40 «ПОКОЛЕНИЕ ОНЛАЙН». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН! 09.30 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 11.10 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 12.10 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 13.10 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 14.10 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.25 НОВОСТИ. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.10 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00, 01.30 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ГОСТИНИЦА «РОССИЯ»». 02.10 Т/С «ЯНЫЧАР». 02.10 Т/С «ЯНЫЧАР».	06.00, 19.00 KÖREMİZ- ШОУ. 07.05 Т/С «ЖИЗНЬ, КОТОРОЙ НЕ БЫЛО». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН! 09.30 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 11.10 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 12.10 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 13.10 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 14.10 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.25 НОВОСТИ. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.10 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00, 01.30 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ГОСТИНИЦА «РОССИЯ»». 02.10 Т/С «ЯНЫЧАР». 03.45 «П@УТИНА».	06.00, 19.00 KÖREMİZ- ШОУ. 07.05 Т/С «ЖИЗНЬ, КОТОРОЙ НЕ БЫЛО». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН! 09.30 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 11.10 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 12.10 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 13.10 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 14.10 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.25 НОВОСТИ. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.10 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00, 01.30 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ГОСТИНИЦА «РОССИЯ»». 02.10 Т/С «ЯНЫЧАР». 03.45 «П@УТИНА».	06.00, 19.00 KÖREMİZ- ШОУ. 07.05 Т/С «ЖИЗНЬ, КОТОРОЙ НЕ БЫЛО». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН! 09.30 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 11.10 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 12.10 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 13.10 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 14.10 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.25 НОВОСТИ. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.10 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00, 01.30 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ЕЩЕ ОДНА ЖИЗНЬ». 02.10 Т/С «ЯНЫЧАР». 03.45 «П@УТИНА».	06.00, 19.00 KÖREMİZ- ШОУ. 07.05 Т/С «ЖИЗНЬ, КОТОРОЙ НЕ БЫЛО». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, КАЗАҚСТАН! 09.30 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 11.10 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 12.10 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 13.10 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 14.10 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.25 НОВОСТИ. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.00 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 «МАЭСТРО АЛИБЕК ДНИШЕВ». 21.00 ПОЛЕ ЧУДЕС. 22.30 Т/С «ЕЩЕ ОДНА ЖИЗНЬ». 03.30 Т/С «ПАДЕНИЕ ОРДЕНА». 04.15 «П@УТИНА».	06.00 ҚАЙМАҚ. 06.40 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 07.10 «ЦЕНА ОШИБКИ», Х/Ф. 11.00 «ЕЩЕ ОДНА ЖИЗНЬ», Х/Ф. 15.00 «QOSLIKE». 17.45 «SUPER КУРЬЕР», Х/Ф. 20.10 «ОТ ВСТРЕЧИ ДО РАЗЛУКИ», Х/Ф. 20.35 Т/С «СУРРОГАТНАЯ МАТЬ». 00.50 Т/С «ЗАБЫТОЕ ПРЕСТУПЛЕНИЕ». 03.00 Т/С «ПАДЕНИЕ ОРДЕНА». 03.45 «П@УТИНА».	06.00 ҚАЙМАҚ. 06.40 П@УТИНА. 07.35 Т/С «ОТ ВСТРЕЧИ ДО РАЗЛУКИ». 12.05 «ЗАБЫТОЕ ПРЕСТУПЛЕНИЕ», Х/Ф. 14.25 DASTARXAN. 16.10 ДОСТОЯНИЕ РЕСПУБЛИКИ. 18.30 «ПОСЛЕДНИЙ РОНИН», Х/Ф. 20.55 «ТОСКАЯ ЛИНИЯ ЖИЗНИ», Х/Ф. 01.25 Т/С «СКРЫТЫЕ МОТИВЫ». 03.35 Т/С «ПАДЕНИЕ ОРДЕНА».

«Тәрбие – кең мағынасымен алғанда, қандайда болса бір жан иесіне тиісті азық беріп, сол жан иесінің дұрыс өсуіне көмек көрсету деген сөз».

Мағжан ЖҰМАБАЕВ.



АҚ ТІЛЕК

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Құрметті Нүкебаева Ханифа Ескендірқызы!

Сізді «Ақжаулық» тобының атынан 79 жасқа толаан туған күніізбен шын жүректен құттықтаймыз!

Сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, жан тыныштығын, отбасылық бақыт пен баянды береке тілейміз. Әр күнііз қуанышқа, жүрегіңіз мейірім мен шаттыққа толы болсын. Ұрпағыңыздың қызығын көріп, немере-шеберелеріңіздің ортасында абыройыңыз артып, мерейіңіз әрдайым үстем болғай!

Өмір жолыңыз өнегеге, еңбегіңіз құрметке толы. Сіздей аяулы ана, ардақты әже, асыл

жанның ортамызда жүргені – біз үшін үлкен қуаныш әрі мақтанш.

Алла Тағала деніңізге саулық, жаныңызға тыныштық, шаңырағыңызға құт-береке нәсіп етсін! Жүзіңізден күлкі, жүрегіңізден жылулық, өміріңізден бақ-береке ешқашан кетпесін.

Жаңа жасыңыз құтты болсын!

Ізгі тілекпен,
«Ақжаулық» тобы.

ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУДЫҢ
ӘЛЕУЕТІ ҚАНДАЙ?

Мемлекеттің әлеуметтік саясаты пассивті төлемдер форматынан атаулы, проактивті қолдауға көшіп жатыр. Қазіргі әлеуметтік қорғаудың басты әлеуеті – бюджет қаражатын жай ғана бөлу емес, қиын жағдайға тап болғандарға нақты көмек көрсету және олардың дағдарыстан шығуын ынталандыру. Бұл бағыттағы негізгі құрал – Атаулы әлеуметтік көмек (АӘК).

Бұл тетік қалай жұмыс істейді? Қандай өзгерістер енгізілді? Атаулы әлеуметтік көмек – бұл өмірлі қиын жағдайға тап болған және табысы төмен отбасылар мен азаматтарға арналған мемлекеттік қолдау шарасы. АӘК-тің басты мақсаты – көмекке шынымен мұқтаж жандарды қолдаумен қамтамасыз ету және отбасының күрделі өмірлік кезеңнен өтуіне септігін тигізу.

АӘК алуға мына санаттағы адамдар құқылы:

- Қазақстан Республикасының азаматтары, қандастар, босқындар.

- Қазақстан аумағында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалар.

Тағайындаудың басты критерийі – отбасының жан басына шаққандағы орташа табысы белгіленген кедейлік шегінен аспауы тиіс. АӘК мөлшері отбасының жан басына шаққандағы орташа табысы мен кедейлік шегі арасындағы айырма ретінде айқындалады.

АӘК алу құқығын анықтау кезінде мыналар ескеріледі: отбасы құрамы, отбасының барлық мүшелерінің материалдық жағдайы және заңнамада көзделген жағдайларда отбасының мүлкілік жағдайы.

Прогноз цифрландыру:

көмекті қалай алуға болады?

Бүгінгі таңда әлеуметтік көмекті рәсімдеу басы артық бюрократиядан барынша арылған. АӘК тағайындау үшін электрондық үкімет порталы (eGov) арқылы өтініш беру қажет немесе жеке басты куәландыратын құжатпен тұрғылықты жеріндегі Мемлекеттік басқару орталығына жеке өкілдікке жүгіну керек.

Деректерді өңдеу процесі автоматтандырылған:

1. Өтініш беру кезінде мемлекеттік ақпараттық жүйелерден мәліметтер алуға міндетті түрде келісім сұралады.

2. Одан кейін көмек тағайындау үшін қажетті отбасы құрамы, материалдық жағдайы және өзге де деректер туралы мәліметтерді автоматты түрде тек-

серу жүзеге асырылады.

3. Сондай-ақ учаскелік комиссия отбасының тұрғын үй-тұрмыстық жағдайына зерттеу жүргізеді.

Тексеру қорытындысында АӘК тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы шешім қабылданады. Қажет болған жағдайда уәкілетті органдар жекелеген мәліметтерді қосымша нақтылай алады.

Әділдік және мұқтаждықты бағалаудың жаңа ережелері

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі үшін ең бастысы – атаулылық. Цифрландыру аясында ведомство мемлекет қаржысының көлеңкелі табысы жоғары адамдарға кетпеуін үнемі назарда ұстайды. Қазіргі уақытта азаматтардың мұқтаждығын анықтау тетігін жетілдіру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Өзгерістердің басты мақсаты – мемлекеттік қолдаудың шынымен мұқтаж жандарға анағұрлым әділ әрі атаулы түрде көрсетілуін қамтамасыз ету.

Негізгі жаңашылдықтардың бірі – тек өтініш беруші мен отбасының кемелетке толған мүшелерінің келісімімен ғана банктік деректерді пайдалану мүмкіндігі болмақ. Бұл отбасының нақты қаржылық жағдайын объективті бағалауға және мұқтаждығы жоқ азаматтардың әлеуметтік көмек алу жағдайларын болдырмауға мүмкіндік береді.

Министрлік тиісті өзгерістер заңнамада банктік құпия талаптарын сақтай отырып көзделетінін баса айтады. Өтініш берушінің жеке келісімімен банктік деректерге рұқсат берілмейді, алайда мұндай келісімді беруден бас тарту мұқтаждық мәртебесін мұқият тексеруге негіз болуы мүмкін.

Әлеуметтік қолдаудың әлеуеті оның ашықтығында жатыр. Бағалаудың жаңа құралдары қазақстандықтардың салықтары АӘК арқылы тек аяққа тұруға нақты мүмкіндік іздеген, шын мұқтаж отбасыларға ғана бағытталуына көпідік береді.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ ШАРАЛАРЫ

АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРҒА
КӘСІП АШУҒА ЖЫЛДЫҚ
2,5% НЕСИЕ АЛА АЛАДЫ

«Ауыл – Ел бесігі» бағдарламасы ауылдық инфрақұрылымды жаңғыртуға бағытталған. Өткен кезеңде бағдарламаға 177 млрд теңге бөлініп, 800 ауыл жаңғыртылды. Бұл туралы Үкіметтің баспасөз қызметі хабарлады.

Ауыл тұрғындары «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында кәсіп ашуға жылдық 2,5%-бен несие ала алады. Несие ауыл шаруашылығына жатпайтын қызмет түрлері үшін 5 жылға дейін, ал АӘК саласында 7 жылға дейінгі мерзімге беріледі. Ең жағары несие сомасы – 2,5 мың АЕК-ке дейін, кооперативтер үшін – 8 мың АЕК-ке дейін.

2026 жылы жобаны іске асыруға 5,4 мың жобаға бюджеттік микронесиелер мен лизинг беру үшін 100 млрд теңге қарастырылған. Сонымен қатар қазіргі уақыттағы жағдай бойынша бағдарлама

аясында жалпы сомасы 33,7 млрд теңгеге 3132 жоба нақты қаржыландырылды.

Кадр тапшылығы мәселесін шешу мақсатында «Дипломмен – ауылға» бастамасы аясында денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және АӘК салаларының жас мамандарына 100 АЕК мөлшерінде көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алуға жылдық 1%-бен 15 жылға дейінгі мерзімге бюджеттік несие беріледі. Бұл ретте маман ауылдық жерде кемінде үш жыл жұмыс істеуге міндетті.

ПОЛИЦИЯ БӨЛІМІ ЕСКЕРТЕДІ

5 АЛАЯҚ СІЗГЕ
ҚОҢЫРАУ ШАЛЫП
ТҰРҒАНЫН БІЛДІРЕТІН
БЕЛГІ1 АТЫҢЫЗҒА
НЕСИЕ ТУРАЛЫ
АЙТСА2 SMS-КОДТЫ
АЙТУДЫ
СҰРАСА3 ТІНТУ НЕМЕСЕ
ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС
ҚОЗҒАУМЕН
ҚОРҚЫТСА4 ҚОСЫМША
ОРНАТУДЫ
ТАЛАП ЕТСЕ5 ТУЫСТАРЫҢЫЗҒА
НЕМЕСЕ БАСҚАЛАРҒА
АЙТПАУҒА ТЫЙЫМ
САЛСА

ТҮТҚАНЫ ҚОЙЫҢЫЗ!

НАҚЫЗ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР
ЕШҚАШАН:

SMS-КОД
СҰРАМАЙДЫ

НЕСИЕ АЛУҒА
МӘЖБҮРЛЕМЕЙДІ

ҚОСЫМША
ОРНАТУДЫ
СҰРАМАЙДЫ

АҚША АУДАРУДЫ
ТАЛАП
ЕТПЕЙДІ

САҚ БОЛЫҢЫЗ!
АЛАЯҚТАРҒА СЕНБЕҢІЗ!01 1414 келген кодты
ешкімге айтпа!Бұл код арқылы алаяқтар
сіздің шотыңызға кіріп кетуі мүмкін!02 EGOV қызметкерлері
WhatsApp қосымшасының
ешқашан хабарласпайды!EGOV мемлекеттік қызметі
WhatsApp арқылы байланысқа
шықпайды. Бұл – алаяқтар!03 Полиция тергеушісі
бейнеқоңыраумен
қоңырау шалса,
түтқаны қой!Шынайы тергеуші бейнеқоңырау
шалмайды. Бұл – алаяқтық!

АБАЙЛАҢЫЗ! АҚПАРАТТЫ ҚОРҒАҢЫЗ!

Директор - бас редактор
Неллі ГОРЧАКГазеттің меншік иесі:
«Газета «Весты» ЖШС

Редакцияның мекен жайы: 150800 Салтүстік
Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы,
Будав көшесі, Бағыр Бәні көшесі, 13 үй.
Тел: 2-17-49.
Басылым индексі 65360
e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz

Газет аптасына
1 рет бейсенбі күні
шығады.
Жазылу индексі - 65360

«Magzhan Zhuldizi» газеті
редакцияда теріліп беттеледі.
«Северный Казахстан»
баспаханасында басылады.
(Петропавл к., Коммуна к-сі, 5 үй).
Тарауы - 440

Газет аудан әкімінің, аудандық
мәслихаттың тапсырысы бойынша
шығарылады және газеттер арқылы
мемлекеттік ақпараттық саясатты
жүргізудің ресми басылым болып
табылады

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылы 11 желтоқсанда есепке алынып, №17395-Г құалігін алған. Жарнаманың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция қозғарасын білдірмейді. Редакцияға жолданған қолжазбалар, хаттар «Мағжан Жұлдызы» газетінің меншігіне айналады, рецензияланбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізін беру мәселелері жөнінде 2-17-80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады